



«Қазақстандағы қолөнерді дамыту және халықтың көркемөнер кәсібін жаңғырту» бағдарламасы

# Қазақстан қолөнершілер одағы

## «Our Heritage» қоғамдық қоры

### Тоғызыншы «Шебер» республикалық қолөнершілер конкурсы туралы ереже-тұжырымдама

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. **Конкурстың мақсаты:** Қазақстандағы қолөнер өнеркәсібін ынталандыру, дарынды және келешегі бар қолөнершілерді анықтау, қоғамды отандық қолданбалы өнер шеберлерінің жетістіктері мен мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру.

1.2. «Шебер» конкурсы 2009 жылы «Қазақстандағы қолөнерді дамыту және халықтың көркемөнер кәсібін жаңғырту» бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде құрылып, биылғы жылы тоғызыншы рет өкізілмекші.

«Шебер-2017» конкурсын Қазақстан қолөнершілер одағы мен «Our Heritage» қоғамдық қоры «Шеврон» компаниясының, ҚР Мәдениет министрлігінің, ЮНЕСКО және Орта Азиялық Еуразия Қорының (ОАЕҚ) қолдауымен «Шебер» фестивалінің аясында өткізеді. Конкурс Қазақстанның барлық қолөнершілеріне – діни сеніміне, ұлтына және тұрғылықты жеріне қарамастан Республикамыздың барлық азаматтарына ашық. Конкурс **2017 жылғы 16 наурыздан 06 қазанға дейін** «Шебер» фестивалінің аясында өткізіледі.

1.3. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

Номинация	Номинанттар	Бағалау критерийлері	Ескерту
«Асыл ұстаз»	Оқу орындарында немесе жеке курстар ұйымдастыру арқылы халық қолөнеріне баулитын шеберлер.  Шебер конкурсының алдыңғы жеңімпаздарынан басқасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шәкірттер саны.</li> <li>Қолөнерді оқыту тәжірибесі (жыл).</li> <li>Оқыту мазмұны.</li> <li>Шәкірттердің пікірлері мен жетістіктері.</li> <li>Ұстаз жасаған бұйымдардың сапасы</li> <li>Бұйымдардың сапасы, шәкірттердің пікірлері мен жетістіктері</li> </ul>	Тек қана балаларын және туған-туыстарын үйрететін шеберлердің кандидатуралары қарастырылмайды.  <b>Ұстаздың бұйымдарының</b> фотосы және 3.2.1-тармаққа сәйкес құжаттар іріктеуі туралы ұсынылуы тиіс. Негізгі туралы – <b>ұстаздың жұмысы, жұмыстардың фотолары мен шәкірттердің пікірлері. Ақтық турға – ұстаздың жұмыстары мен шәкірттердің жұмыстары.</b>
«Дарынды бастау»	Үнемі қолөнермен айналысатын 28 жасқа дейінгі шеберлер. Шебер конкурсының алдыңғы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мәлімдеме бергенге дейінгі соңғы жылда жасалған бұйымдар саны мен сапасы.</li> <li>Қолөнер бұйымдарын жасау</li> </ul>	Бұйымдарды аға қолөнершілердің басшылығымен орындайтын шебердің қатысуына оның өзі жасаған бұйымдары болған



	жеңімпаздарынан басқасы	тәжірибесі (қолөнермен қанша жыл айналысты) • Кәсіби даму (қолөнерші қалай және қандай тәсілдермен өз шеберлігін жетілдіреді). • Өз ісінің болашағын елестеуі.	жағдайда ғана рұқсат етіледі.  <b>Студенттік және дипломдық жұмыстар конкурсына қатысуға жіберілмейді.</b>
<b>«Жаңашылдық»</b>	Шектеусіз. Шебер конкурсының алдыңғы жеңімпаздарынан басқасы	• ЮНЕСКО критерийлері бойынша «инновациялық» санатындағы ұпай саны • Эксклюзивтілік, бірегей дизайны	Материалды, дизайны мен орындау үдерісін инновациялық және шығармашылық тәсілмен қолданатын дәстүрлі және қазіргі заманға сай келетін өнердің тиімді әрі сәтті үйлесімі
<b>«Жоғарғы сапа»</b>	Шектеусіз. Шебер конкурсының алдыңғы жеңімпаздарынан басқасы	• ЮНЕСКО критерийлері бойынша «сапа» санатындағы ұпай саны	Қолөнерде қалыптасқан сапа стандарттарына сай: жоғары сапалы материалдарды пайдалану, орындау техникасының жоғары деңгейі, бұйымның арнайы бөлшектерін жетілдіруге ерекше назар аудару. Бұйымды сауатты ұсынуы да ескеріледі (қаптаманың, жарнамалық материалдың болуы)
<b>«Жоғарғы шеберлік»</b>	Бұрын өткен Шебер конкурсының жеңімпаздары	ЮНЕСКО критерийлері бойынша «сапа» санатындағы ұпай саны, Қазақстан қолөнерінің дамуына қосқан үлесі, халықаралық стандарттарға сай.	Шебер – 2009, 2010, 2011, 2012, 2013, 2014, 2015 және 2016 конкурстарының жеңімпаздары ғана қатысады.
<b>«Озат іскер»</b>	Конкурсты жариялау кезінде тіркелген қолөнер бизнесінің иелері.  Шебер конкурсының алдыңғы жеңімпаздарынан басқасы	• Өз өндірісі • Өндіріс пен сату мөлшері • Кәсіпкерлікпен айналысатын адамдар саны • Сату арналарының даму деңгейі. • Болашақ жоспардың болуы	Осы номинацияға қатысудың басты шарты – ізденушінің салық бойынша қарызының болмауы және де бизнес-жоспарының болуы керек.

<p><b>«Төлтумалық»</b></p>	<p>Шектеусіз.</p> <p>Шебер конкурсының алдыңғы жеңімпаздарынан басқасы</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ЮНЕСКО критерийлері бойынша «түпнұсқалылық» санатындағы ұпай саны</li> <li>• Дәстүрлі қолөнер технологияларын қолдану</li> </ul>	<p>Ұлттық дәстүрлерге, мәдени ұқсастық қағидаларына сай келуі мен нақтылығы.</p>
<p><b>Ұлттық мәдени бренд</b></p>	<p>Шектеусіз.</p> <p>Шебер конкурсының алдыңғы жеңімпаздарынан басқасы</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Сапа» санатындағы ұпай саны</li> <li>• Көркемдік идеядағы ұпай саны</li> <li>• Бұйымды ұсынудағы ұпай саны</li> <li>• Эксклюзивтілік, бірегей дизайны</li> </ul>	<p>Ұлттық мәдени дәстүрді жоғары көркем, әрі атқарушылық дәрежеде орындалғандығын көрсететін өнім болу қажет</p>
<p><b>«Эко-дизайн» (жаңа көркемдік объектіде қайта қолданылған материал, рециклинг)</b></p>	<p>Шектеусіз.</p> <p>Шебер конкурсының алдыңғы жеңімпаздарынан басқасы</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Экологиялық» санатындағы ұпай саны</li> <li>• Тартымды дизайнерлік идея</li> </ul>	<p>Қалдықсыз өндіріс пен табиғи ресурстарды сақтау мақсатында материалды қайта қолданудың креативті әрі тиімді тәсілдері</p>
<p><b>Қазақстандық ұлттық кәдесый (Кәдесыйлар шығару)</b></p>	<p>Шектеусіз</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қызықты дизайнерлік идея</li> <li>• Өнімдер сериясын шығару мүмкіндігі</li> <li>• Өндіріс және сатылым көлемдері.</li> <li>• Кәсіпкерлікпен айналысатын адам саны.</li> <li>• Сату арналарының даму деңгейі.</li> <li>• Болашаққа деген жоспарларының болуы.</li> <li>• Эксклюзивтілік, бірегей дизайны</li> </ul>	<p>Егер 2009-2016 ж.ж. конкурс жеңімпаздарының ЭКСПО 2017 – «Болашақтың энергиясы» тақырыбына сай келетін кәдесый өнімдерін шығару өндірісі болса, олар конкурсқа қатыса алады.</p> <p><b>Кәдесый өнімі тауар желісімен ұсынылуы тиіс (7-10 бұйым)</b></p> <p>Кәдесый қолөнер өніміне қойылатын талаптар:</p> <p>а) өз өндірісі;</p> <p>б) қолдан жасалған (кем дегенде 60%);</p> <p>в) дәстүрлі қолөнер технологияларын қолдану;</p>



«Қазақстандағы қолөнерді дамыту және халықтың көркемөнер кәсібін жаңғырту» бағдарламасы

			<p>г) табиғи материалдарды қолдану;</p> <p>д) эксклюзивтілік, бірегей дизайны;</p> <p>е) заманауи нарық талаптарын ескеру.</p>
«Мұрагер» (Жанды мұра)	<p><b>Мәлімдеме жіберілмейді.</b></p> <p>Марапаттау туралы шешімді конкурс мәресінің әділқазылары қабылдайды</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ЮНЕСКО критерийлері бойынша «Сапа» санатындағы ұпай саны, Қазақстан қолөнерін дамытуға қосқан үлесі, халықаралық стандарттарға сай болуы, Отан алдындағы аса маңызды қызметі.</li> </ul>	<p>Жаңа ұрпаққа үнемі жоғарғы сапаны ұстануды және ұлттық дәстүрлерді сақтауды көрсеткені мен дағдыландырғаны үшін</p> <p><b>«Мұрагер» аталымы шеберге тек бір рет беріледі.</b></p>
Мойындау сертификаты «Қолөнерді дамытудағы үлесі үшін»	Қолөнершілермен ұсынылған жергілікті деңгейде (ауылда, қалада, облыста) қолөнерді дамытуға қолдау көрсететін тұлғалар	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолөнершілердің жағымды пікірлері</li> </ul>	<b>Бұл марапатқа конкурс қорының ақшалай жүлдесі берілмейді.</b>

## 2. Конкурсқа қатысу шарттары

2.1. Конкурсқа 18 жастан асқан, **Қазақстан Республикасында тұратын және резиденттері болып табылатын** қолөнершілер жеке және топпен қатыса алады. «Қазақстан қолөнершілері одағы» бас кеңсесінің, «Our Heritage» ҚҚ, Шеврон компаниясының, ҚР Мәдениет министрлігінің, ОАЕҚ, ЮНЕСКО қызметкерлері мен олардың туған-туыстарының өтінімдері қарастырылмайды. Әділқазы мүшелері өздерінің жақын туыстарының жұмыстарын қарастыруға қатыспайды.

2.2. Конкурсқа қатысу үшін **5000** теңге мөлшерінде ұйымдастырушылық салым жасалады, **Қолөнершілер одағының мүшелері үшін – 3000** теңге. Төлем қолма-қол жасалады, түбіртек беріледі.

2.3. Бұйымдардың жоғары сапасы конкурсқа қатысудың міндетті шарты болып табылады. Бұйымның сапасы ЮНЕСКО-ның сапа белгісін қолдана отырып бағаланады (**[www.unescobkk.org/culture/craftseal](http://www.unescobkk.org/culture/craftseal)**):

Критерийлері	Сипаттамасы	Негізгі көрсеткіштері
Сапасы	Жоғары сапалы материалдарды қолдану, жоғары техникалық стандарттар және ұсақ-	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жоғары сапалы шикізат және оның қолжетімділігі</li> </ul>



	түйектерін мұқият өңдеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>Дизайны</li> <li>Техникалық орындалуы</li> <li>Аяқталуы</li> </ul>
Төлтумалық	Мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлі эстетиканың көрініс табуы, немесе өолөнер өнімдерін дайындаудың дәстүрлі техникаларын қолдану	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бірегейлігі</li> <li>Тқлтумалық</li> <li>Дәстүрлі эстетика</li> </ul>
Дизайны мен өндірісіндегі инновациялар	Дәстүрлер мен қазіргі заман талаптарын тиімді және сәтті үйлестіру, материалдарды, дизайны мен өндіріс үдерісін өнертапқыштық және шығармашылық тұрғыда қолдану	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жалпы дизайны</li> <li>Түс таңдау</li> <li>Инновациялық элементтері</li> </ul>
Экологиялығы	Өндіріс үдерісінің қоршаған ортаға қауіпсіздік деңгейі. Табиғи бояғыштарды, қайта өңделген табиғи материалдарды қолдану, сонымен қатар өндіріс үдерісінде қоршаған ортаны қорғау ұстанымдарын сақтау	<ul style="list-style-type: none"> <li>Табиғи шикізат пен бояғыштарды қолдану</li> <li>Шикізаттың тұрақты қорлары</li> <li>Қайта өңделген шикізатты қолдану</li> <li>Қалдықтарды өңдеу</li> </ul>
Нарық талаптарына сай келуі	Бұйымның функционалдылығы, әлеуетті сатып алушының оны қолдану қауіпсіздігі, сапа және баға теңгерімі және өндіріс тұрақтылығы	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сапасы мен құнының сәйкестігі</li> <li>Функционалдылығы және ыңғайлы дизайны</li> <li>Бәсекелестік және нарықтық әлеуеті</li> </ul>

### 3. Конкурс өткізу тәртібі

3.1. Жеңімпаздарды анықтау мен конкурсты қорытындылау жұмыстарын сарапшы-өнертанушылардан және этнографтардан, суретшілер мен дизайнерлерден, «Шеврон» компаниясының, Қазақстан қолөнершілер одағының, «Our Heritage» ҚҚ, ҚР Мәдениет министрлігінің, ОАЕҚ, ЮНЕСКО, Қазақстандағы қолөнердің дамуына қолдау көрсетуші отандық және халықаралық ұйымдардың өкілдерінен тұратын конкурс комиссиясы жүзеге асырады.

3.2. Жеңімпаздарды анықтау үш кезеңмен жүзеге асырылады:

3.2.1. 1-ші тур — **ІРІКТЕУ** туры

Іріктеу турына қатысу үшін мынадай құжаттарды жіберу керек:

- 1) шебер толтырған конкурс сауалнамасы;
- 2) конкурсқа ұсынылған жұмыстардың фотосуреттері;
- 3) 3 түрлі түсті фотосурет (шебердің жиі жасалатын/сатылатын бір-екі өнімінің фотосуреті);
- 4) конкурсқа ұсынылатын жұмысты дайындау барысының фотосуреттері;
- 5) Қазақстанның азаматтығын растайтын құжаттың көшірмесін (төлқұжатының неме жеке куәлігінің);
- 6) Ұйымдастырушылық салым.

Фотосуреттер компьютерлік өңдеусіз болуы керек және артына мыналар жазылуы керек: бұйымның атауы, шығарылған жылы, техникасы, автордың есімі, тұрғылықты жері (облыс, қала, аудан, ауыл). Фотосуреттерде бұйымның түрі мен қажет болған жағдайда оның ұсақ-түйектері толық көрсетілуі керек. Егер бұйым үшмөлшерлі болса, фотосуреттерді бұйымның жанынан, артынан және алдынан қарағанда түрі көрсетілуі керек, егер бұйым жалпақ болса – алдыңғы және артқы жағы көрсетілуі керек.

\*Басылып шығарылған фотосуреттерге қойылатын талаптар:

- жоғары сапа;
- форматы 150 кв. см-ден (10x15см) 600 кв. см-ге дейін (20x30см).

\*Электрондық нұсқада жіберілген фотосуреттерге қойылатын талаптар:

- \*jpeg форматында, рұқсаттамасы 300 dpi-ден кем емес;
- көлемі 2048x1536 пиксельден кем емес.

Барлық құжаттар мен фотосуреттер «Our Heritage» ҚҚ кеңсесіне мына мекенжайға: **050000, Алматы қ., Қазыбек би көш. 85, 26-кеңсе** немесе **kz.union.artisans@gmail.com** электрондық мекенжайына «Шебер-2017» конкурсы – тақырыбын белгілеу арқылы жіберілісін.





«Қазақстандағы қолөнерді дамыту және халықтың көркемөнер кәсібін жаңғырту» бағдарламасы

Осы ереженің 2.2.-т. белгіленген барлық критерийлер бойынша орташа есеппен мүмкін ең көп балл жинаған бұйымның авторлары конкурсқа ары қарай қатысуға жіберіледі.

Жіберілген өтінімдер мен фотосуреттер ізденушілерге қайтарылмайды. **Әр жұмыс конкурсқа бір аталым бойынша қатыса алады, ал әр қолөнерші ең көбі 2 өтінім бере алады.**

**Ескерту:** бұйымдар 2015 ж. бастап өндірілуі керек және үнемі шығарылып тұруы керек. Талап етілген құжаттарды толық жіберген шеберлер ғана конкурсқа қатыса алады (толтырылған сауалнаманы, фотосуреттерді, куәліктің немесе төлқұжаттың көшірмесін). 1-ші турдың нәтижесі бойынша шеберлерге конкурс әділқазыларының шешімі баяндалған хат жіберіледі.

### 3.2.2. 2-ші тур – НЕГІЗГІ тур

Фотосуреттер бойынша іріктеу турынан өткен қатысушылар бұйымдарын өз есебінен «Our Heritage» кеңсесіне мына мекенжайға жібереді: **050000, Алматы қ., Қазыбек би көш. 85, 26-кеңсе.**

«Асыл ұстаз» номинациясы бойынша қосымша өтінімдер толтырылады және жұмыстардың фотосуреттері, шәкірттердің пікірлері жіберіледі (Қолөнершілер одағы жібереді). «Озат іскер» номинациясы бойынша қосымша өтінімдер толтырылады және де жұмыстармен бірге мына мекенжай бойынша «Our Heritage» кеңсесіне өз есебінен жіберіледі: **050000, Алматы қ., Қазыбек би көш. 85, 26-кеңсе.**

Ізденушілер ұсынған өтінімдері мен бұйымдары бойынша бағаланады. Ізденушілерге телефон арқылы қосымша нақтылаушы сұрақтар қойылуы мүмкін.

Қатысушының қалауы бойынша оның ақтық турға өтпеген бұйымы оған өзінің есебінен қайтарылады. Конкурсты ұйымдастырушылар тасымалдау барысында бұйымның зақымданғаны/сынғаны үшін жауапты емес.

Ең көп балл жинаған **20 қолөнершілер** ақтық турға өтеді.

### 3.2.3. 3-ші тур – СОҢҒЫ тур

Ақтық турдың барлық қатысушылары (финалистер) қазақстандық қолөнер бұйымдарының көрмесіне қатысуға шақыртылады. Ақтық сынға қатысушылар конкурсқа қатысқандығы туралы диплом алады. **«Асыл ұстаз», «Озат іскер», «Дарынды бастау», «Ұлттық мәдени бренд»** аталымдары бойынша ізденушілер сараптық комиссиямен сұхбаттасуға шақыртылады.

«Асыл ұстаз» номинациясы бойынша ақтық сынға қатысушылар комиссия мен көрмеге **қосымша 3 оқушының 3 жұмысын** ұсынады.

Барлық финалистер ақтық көрмені өткізу кезінде бұқара халыққа өз қолөнері бойынша шеберлік сыныптарын өткізеді.

**Алматы қ.** конкурстың ақтық сынына қатысушылардың баспанасы мен тамақтануының ақысын ұйымдастырушылар төлейді. **Шақыртудан бас тартқан ізденушілер конкурстан шығып қалады.**

Барынша көп балл жинаған қатысушылар конкурстың **жеңімпазы** атанады (мойындау сертификаты табысталатын «Қолөнерді дамытуға қосқан үлесі үшін» аталымынан басқасы).

**ЖЕҢІМПАЗДАРҒА** жеңімпаз дипломы табысталады және арнайы жеңімпаздар үшін конкурстың ұйымдастырушылары ұйымдастырған шетелден білім алу сапарына барады. **Жеңімпаз сапардан бас тартқан жағдайда ақшалай өтемақы қарастырылмаған.**

«Қолөнерді дамытуға қосқан үлесі үшін» аталымынан басқа әр аталымда **бір жүлделі** орын қарастырылған. Ерекше аталым болып табылатын **«Мұрагер»** аталымын қоспағанда, барлық жүлделі орындар тең дәрежелі. Конкурс әділқазылары қандай да бір себеппен белгілі бір аталым бойынша жүлделі орын тағайындамауға құқылы.

Қолөнершілер шеберлер болып табылмайтын, бірақ жергілікті деңгейде қолөнердің дамуына қолдау көрсететін тұлғаларды «Қолөнерді дамытуға қосқан үлесі үшін» атты номинацияға ұсына алады. Қолөнершілерге әлдекімді осы номинацияға ұсыну үшін конкурс мәлімдемесінің сәйкес бағанын толтыру немесе «Our Heritage» қоры не «Қазақстан қолөнершілері одағы» кеңселерінде қызметкерлердің номинант жайлы сұрақтарына жауап беруі қажет. «Қолөнерді дамытуға қосқан үлесі үшін» мойындау сертификатымен номинанттарды марапаттау туралы соңғы шешімді қолөнершілердің ұсыныстарын ескере отырып, конкурсты ұйымдастырушылар, демеушілер қабылдайды.





«Қазақстандағы қолөнерді дамыту және халықтың көркемөнер кәсібін жаңғырту» бағдарламасы

#### 4. Авторлық құқық/материалдық жауапкершілік

4.1. Жұмыстар шығармашылық қызмет өнімі және автордың материалдық меншігі болып табылады, жеңімпаздардың жұмыстарын қоспағанда – қатысушы конкурстық жұмысты өткізуде өзінің авторлығына кепілдік береді. Конкурс ұйымдастырушысы нәтижелерді жариялау құқығына ие болады.

4.2. Жеңімпаздардың жұмыстары қорда қалады және ары қарай әртүрлі көрмелерде экспозиция ретінде қою үшін, өзге қолөнершілерге үлгі ретінде каталогтар мен әртүрлі басылымдарда жариялау үшін және т. с. с. «Қазақстан қолөнершілер одағының» меншігі болып табылады. Суретке түсіру мен жариялау, әртүрлі көрмелерге қатысу құқықтары «Our Heritage» қоғамдық қоры мен «Қазақстан қолөнершілер одағына» бекітіледі. Шебердің авторлық құқығы сақталады. Конкурсқа өтінім беру автордың конкурс шарттарымен келіскенін білдіреді.

4.3. Конкурс нәтижелері бойынша бұйымдардың фотосуреттері және шеберлер туралы қысқаша мәліметтер берілген қазақстандық бұйымдардың электрондық каталогы шығарылады және ол [www.sheber-craft.kz](http://www.sheber-craft.kz) сайты мен [Қазақстан қолөнершілер одағының Facebook-тегі](https://www.facebook.com/shebercraft) парақшасына ілінеді

#### 5. Конкурсты өткізу мерзімдері:

2017 жылғы 16 наурыздан – өтінім қабылдау басталады.

2017 жылғы 27 сәуірге – іріктеу турына өтінім берудің соңғы мерзімі. Пошта арқылы немесе электрондық пошта арқылы өтінімнің жіберілуі өтінім берген күні болып саналады;

2017 жылғы 17 мамырға дейін – сараптамалық комиссияның мәжілісі. Негізгі турға өткен ізденушілердің есімдері [www.sheber-craft.kz](http://www.sheber-craft.kz) сайтында және [Facebook-тегі](https://www.facebook.com/shebercraft) парақшасында жарияланады. Оларға хабарландыру хаттары жіберіледі. «Асыл ұстаз», «Озат іскер» номинациясы бойынша негізгі турға өткен қатысушыларға толтыру үшін қосымша сауалнамалар жіберіледі;

2017 жылғы 02 шілде – негізгі турға қатысу үшін конкурстық жұмыстарды («Асыл ұстаз», «Озат іскер» номинациялары бойынша сауалнамалар) тапсырудың соңғы кезеңі;

2017 жылғы 17 қыркүйекке дейін – сараптамалық комиссияның мәжілісі. Соңғы турға өткен ізденушілердің есімдері [www.sheber-craft.kz](http://www.sheber-craft.kz) веб-сайтында және [Facebook-тегі](https://www.facebook.com/shebercraft) парақшасында жарияланады. Соңғы турға өткен қатысушыларға телефон және электрондық пошта бойынша хабарланады;

2017 жылғы 02 қазаннан 06 қазанға дейін – конкурстың соңғы туры – халықаралық сараптамалық комиссияның мәжілісі. Қатысушыларды салтанатты түрде мәлімдеу және марапаттау, «Шебер» фестивалі мен қазақстандық қолөнер бұйымдарының көрмесі, шеберлік сыныптары мен оқыту семинарларын өткізу.

**Конкурсты өткізу мерзімдері өзгертілген жағдайда ол жөнінде [www.sheber-craft.kz](http://www.sheber-craft.kz) веб-сайтында және Қазақстан қолөнершілер одағының Facebook-тегі парақшасында қосымша хабарланады.**

Қатысу сұрақтары бойынша мына мекенжайға хабарласыңыздар:

1. Қазақстан қолөнершілері одағының кеңсесі, 050000, Алматы қ., Айтеке би к-сі 63/92, 24 кеңсе, тел.: +7 (727) 2734867, +7 775 463 0772, [kz.union.artisans@gmail.com](mailto: kz.union.artisans@gmail.com)
2. «Our Heritage» ҚҚ кеңсесіне мына мекенжай бойынша: 050000, Алматы қ., Қазыбек би к-сі 85, 26 кеңсе, тел.: +7 727 2780632, [aizhanbekkulova@mail.ru](mailto: aizhanbekkulova@mail.ru)

Айжан Бекқұлова – Қазақстан қолөнершілері одағының төрайымы, «Our Heritage» ҚҚ президенті.

Жакеева Айгуль – бағдарлама үйлестірушісі.

